

# Жеке кәсіпкерлік субъектілер және дара кәсіпкерлік

Орындағандар: Наманжанова С  
Сарсенғали Д

- **Жеке кәсіпкерлік** - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кіріс алуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің меншігіне негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;
- **Дара кәсіпкерлік** - жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелі үшін және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;

Кәсіпкерлі  
к



Жеке  
кәсіпкерлі  
к



Дара  
кәсіпкерлі  
к

**Кәсіпкерлік** – азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамашылық дербес қызметі.

Кәсіпкерлікті азаматтар өз атынан, өзінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен немесе заңды тұлғаның (кәсіпорынның) атынан және соның жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны арқылы айқындалатын шектегі мүліктік жауапкершілікті көздейді. Қазақстан азаматтары мен шет мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ, азаматтардың бірлестіктері кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік жалдамалы еңбекті қолданбай немесе жалдамалы еңбекті қолданып, заңды тұлға құрмай немесе заңды тұлға құрып жүзеге асырылады. Жалдамалы еңбекті қолданбай жүзеге асырылатын кәсіпкерлік жеке еңбек қызметі ретінде тіркеледі, жалдамалы еңбекті қолдану жолымен жүзеге асырылатын кәсіпорын ретінде тіркеледі.

# Кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары:

- Бірлескен кәсіпкерлік – екі не бірнеше елдер серіктестерінің өндірістік-шаруашылық қызметінің кең ауқымды нысаны, яки өндіріс пен айналыс аясындағы, ғылыми-техникалық, [инвестициялық](#) және қызмет көрсету салаларындағы бірігу;
- Жеке кәсіпкерлік – кәсіпкерлік қызметпен заңды тұлға құрмай айналысу; мемлекеттік кәсіпкерлік – ұлттық экономиканы дамыту үшін тауарлар шығаратын, қызметтер көрсететін мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі, тәуекелдікті кәсіпкерлік – көбінесе ғылымды көп қажетсінетін салаларға бағытталған, жаңа [технологияны](#) жасаумен және таратумен айналысатын, яки инвестициядан табысты кем алу қатері үлкен салалардағы ұсақ фирмаларға тән кәсіпкерлік.

## Жалған кәсіпкерлік

- Кәсіпкерлік немесе банктік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз несие алу, салық, төлеуден босатылу, өзге де мүліктік пайда алу немесе тыйым салынған қызметті жасыру мақсаты бар, азаматтық ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірген [КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМ](#) құру экономикалық қызмет саласындағы қылмыс болып табылады.

## Заңсыз кәсіпкерлік

- Кәсіпкерлік қызметті тіркеуден өтпей не рұқсат (лицензия) алу міндетті болған жағдайларда арнаулы рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе лицензиялау шарттарын бұзып жүзеге асыру, сол сияқты кәсіпкерліктің тыйым салынған түрлерімен шұғылдану, егер осы әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе, не ірі мөлшерде табыс табумен немесе ірі мөлшерде акцизделетін тауарларды елеулі мөлшерде тауарларды өндірумен, сақтаумен не өткізумен байланысты болса, экономикалық қызмет саласындағы қылмыс болып табылады.

# Жеке кәсіпкердің мынадай құқықтары бар:

- мемлекеттік кәсіпорындардың және басқадай меншік түрлеріне негізделген кәсіпорындардың мүліктерін толық немесе жартылай иемдену;
- шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне өз мүлкімен қатысу;
- келісімшарт негізінде жұмыскерлерді жалдау және жұмыстан босату;
- еңбекақы нысандарын, жүйесін, мөлшерін өздерінше белгілеу;
- шаруашылық қызметтің бағдарламасын қалыптастыру;
- жабдықтаушылар мен тұтынушыларды таңдау;
- бағалар мен тарифтерді белгілеу;
- таза пайданы пайдалану;
- сыртқы экономикалық қатынастарда болу, т.б.

**Жеке кәсіпкерлік субъектілері** деп – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

### **Жеке кәсіпкерлік субъектілері**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық [заңнамасында](#) көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектілері;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектілері.

## **Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы деректерді пайдалану үшін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізеді.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік органдарға жұмыста пайдалану үшін электрондық анықтама нысанында беріледі.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі [бекітеді](#).



## Дара кәсіпкерлік қызмет мына белгілердің жиынтығымен сипатталады:

- ол ынталы бастамалық қызмет болып табылады;
- табыс алуға бағытталған;
- кәсіпкерлікпен шұғылданатын азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген;
- азаматтардың атынан олардың тәуекелі үшін және олардың мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Дара кәсіпкерлік туралы заңға сәйкес дара кәсіпкерліктің түрлері жеке және бірлескен кәсіпкерлік болып табылады.

- **Жеке кәсіпкерлікті** оған [меншік құқығында](#) жататын мүлік базасында, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) мүлікке иелік етуге болатын өзгедей құқық күшінде бір жеке тұлға өздігінше жүзеге асырады.
- **Бірлескен кәсіпкерлікті** оларға ортақ меншік құқығында жататын мүлік базасында, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) [мүлікке](#) иелік етуге болатын өзгедей құқық күшінде жеке тұлғалар тобы (дара кәсіпкерлер) жүзеге асырады. Бірлескен кәсіпкерлік кезінде жеке кәсіпкерлікпен байланысты барлық [мәмілелер](#) жасалынады, құқықтар мен міндеттіліктер бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушылары атынан сатып алынады және жүзеге асырылады.

## Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары мыналар болып табылады:

- ортақ меншік базасында жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;
- фермер немесе шаруа қожалығының ортақ меншік немесе жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік базасында жүзеге асырылатын субасылық кәсіпкерлік;
- жай серіктестік, бұл серіктестік кезінде кәсіпкерлік қызмет жалпы үлестік меншік базасында жүзеге асырылады.

## Мына жағдайларда дара кәсіпкердің қызметі мәжбүрлі түрде тоқтатылады:

- банкроттық;
- мемлекеттік тіркеу кезінде түзеуге келмейтін заң бұзушылықтар болуы себепті тіркеудің жарамсыз деп танылуы;  
лицензияланатын қызметті лицензиясыз жүзеге асыру;
- кәсіпкерлік қызметте заңды бірнеше рет немесе өрескел бұзу.

Сондай-ақ, дара кәсіпкер қайтыс болса, әрекетке қабілетсіз деп танылса, бірлескен кәсіпкерлікте бір ғана қатысушы қалса немесе мүлдем қалмаса, неке бұзылуы себепті мүлік бөлінсе кәсіпкерлік қызмет тоқтайды.